

2025 жылдың 15 сәуірінен 20 сәуір аралығында Санкт-Петербург (Ресей Федерациясы) қаласына іссапар жайлы
ЕСЕП

2023- 2025 жылдарға арналған ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы аясында жүзеге асырылып жатқан АР 19675171 жобасы бойынша «Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық шаралары» тақырыбындағы зерттеу жұмысына байланысты, 2025 жылдың 15 сәуірінен 20 сәуір аралығында Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің ЭПИ ҒЗИ ғылыми аға қызметкері Садвакасова Адель Талгатовна және заң ғылымдарының магистрі Мәжит Іңкәр Бергенқызы Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласына іссапармен барды.



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық жобасын іске асыру жоспарына сәйкес зерттеу тобының Ресей Федерациясындағы Санкт-Петербург мемлекеттік университетіне және Санкт-Петербург мемлекеттік экономикалық университетіне жұмыс сапары жүзеге асырылды.

Сапар барысында университеттердің заң факультеттерінің басшылығымен және профессор-оқытушылар құрамымен (Стойко Н.Г., Кириллова Н.П., Оленников С.М., Векленко В.В., Пряхина Н.И., Суслина Е.В., Синьков Д.В., Кутуев Э.К., Шапиро О.А., Мирошниченко В.Л., Низамов В.Ю. және т.б.) кездесулер жүзеге асырылды. Аталған кездесулерде факультет

декандарымен және жетекші профессорлармен алдағы ынтымақтастықтың мақсаттары мен міндеттері, сондай-ақ зерттеу тақырыбы талқыланды.



Бекітілген іссапар жоспарына сәйкес зерттеу тобының мүшелері студенттерге дәрістер оқыды, сондай-ақ факультет оқытушыларымен бірлесіп жүргізіліп жатқан зерттеу тақырыбына арналған ғылыми семинар ұйымдастырды.



Сапар аясында университет кітапханаларына таныстыру мақсатындағы бару ұйымдастырылды. Бұл жерде зерттеу тобы бірқатар арнайы құқықтық және ғылыми дерекқорлармен егжей-тегжейлі танысты, сондай-ақ арнайы ғылыми әдебиеттер алмасуы жүзеге асырылды.

Ерекше назар халықаралық құқыққа арналған бөлімдерге, соның ішінде магистрлік және докторлық диссертацияларға, сондай-ақ халықаралық ғылыми журналдардың шығарылымдарына аударылды.





Санкт-Петербург мемлекеттік университетіне және Санкт-Петербург мемлекеттік экономикалық университетіне жасалған сапар қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және криминалистика саласындағы халықаралық ғылыми ынтымақтастықты нығайту мен академиялық алмасуды кеңейтуде маңызды кезең болды. Тау-кен және құрылыс жұмыстарын орындау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін жетекші мамандармен талқылау озық тәжірибемен алмасуға және халықаралық тәсілдерді қазақстандық практикада қолдану мүмкіндігін қарастыруға жол ашты.

Мұндай бастамалар ғылыми әлеуетті дамытуға елеулі үлес қосып, құқықтық реттеудің жоғары стандарттарын қалыптастыруға және шетелдік білім беру мен ғылыми мекемелермен серіктестік байланыстарды нығайтуға ықпал етеді.